

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С. 153-155

ГОРМОНАЛДЫ ЖӘНЕ ҚҰРАМЫНДА СЕЛЕНІ БАР ПРЕПАРАТТАРДЫ ӨНДІРУШІ-БҰҚАЛАРҒА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

*Жақыпов И.Т.
Турысбаева Г.Б.
Момбеков Б.Е.*

Стероидты жыныстық гормондар тобына жататын андрогендер өндіруші-бұқаларда физиологиялық, оның ішінде репродуктивтік функцияны жүзеге асыруда өте маңызды рөл атқаратындығы белгілі. Бұл гормондар жыныстық дифференциацияны қамтамасыз етеді, жыныс бездері, еннің қызметін анықтайды. Андрогендер синтезы негізінен ендегі Лейдиг интерстициалды жасушаларында жүзеге асырылады.

Барлық сүтқоректілерде сперматогенез пептидті және стероидты гормондардың – ФСТ, ЛГ, тестостерон, эстрадиол т.б. бақылауында [1]. Тестостерон секрециясының шамалы бұзылуы немесе жетіспеуі сперматогенездің кідіруіне әкеліп соғуы әбден мүмкін [2].

Monaco D., Fatnassi M., Padalino V. т.б. [3] 100мкг ГнРГ бұқаларға енгізіп, қандағы тестостерон дәрежесінің және либидоның едәуір жоғарылағанын анықтаған.

Белорус ғалымдары селеноорганикалық «Сел-плекс» және гормоналдық «Хорулон» препараттарын қолдана отырып, өндіруші-бұқаларда жыныстық белсенділігі мен ұрық сапасын қан плазмасындағы тестостерон гормонын ұлғайту жолымен жақсартуға мүмкіндік беретінін айтады [4].

Осыған орай, жұмысымыздың мақсаты өндіруші-бұқалардың жыныс органдары қызметінің бұзылуын қалпына келтіруде гормоналды препараттарды қолдану болып табылды.

Зерттеу жұмыстары С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ветеринарлық медицина кафедрасы, «РМАО «Асыл түлік» АҚ базасында және Республикалық диагностикалық орталықта жүргізілді.

Ұрықтандыру қабілеті төмен топтағы өндіруші-бұқаларға гормоналдық және құрамында селені бар препараттармен коррекциялау тағайындалды.

Осыған орай, ұрығының сапасы төмен топтағы өндіруші-бұқаларды екі топқа бөлдік. Бірінші топқа Хорулон гормоналды препараты 15 мл дозада, бұлшықетке, аптасына 1 рет және екінші топ жануарларына Фертагон

препаратын әр 2 апта сайын, бұлшықетке 10 мл мөлшерде тағайындалды. Сондай-ақ, аталған екі топқа да құрамында селені бар Е-Селен препаратын әр 2 апта сайын, бұлшықетке 15мл дозада қолдану сұлбасы құрастырылды.

Жоғарыда көрсетілген коррекциялау шараларын жүргізгенге дейін және кейін өндіруші-бұқалардың қаны тестостерон гормонына зерттелінді. Нәтижесі 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Өндіруші-бұқалардың қанын тестостерон гормонына зерттеу нәтижесі

Тобы	Қалыпты көрсеткіш (нг/мл)	Қолдануға дейін, нг/мл	Қолданғаннан кейін, нг/мл
Бірінші	4-10	7,5±0,8	9,6±0,4
Екінші		8,5±1,8	8,6±1,8

Кестеден байқайтынымыз, гормондарды қолданғаннан кейін бірінші топтағы өндіруші-бұқалардың қан құрамындағы тестостерон мөлшері 1,3 есеге, екінші топтағы бұқаларда – 1,01 есеге артқандығын көрсетті.

Қан құрамындағы тестостерон гормонын анықтаудан басқа, өндіруші-бұқаларда жыныс рефлекстері баллдық шкаламен зерттелген болатын [5]. Нәтижесі 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Өндіруші-бұқаларды жыныс рефлекстері бойынша зерттеу нәтижесі

Жануарлар тобы	Жыныстық рефлексер көрсеткіштері, балл (M±m)	
	дейін	кейін
Бірінші	2,6±0,02	3,2±0,01
Екінші	2,6±0,1	2,8±0,1

Тәжірибе басында бірінші топтағы бұқаларда жыныс рефлекстері бойынша орташа көрсеткіш 2,6 баллды құраса, соңында көрсеткіш 3,2 баллға жетті, яғни 1,2 есеге артқандығы байқалады. Екінші топтағы өндіруші-бұқаларда жыныс рефлексі шкаласы орташа есеппен алғашқы көрсеткішпен салыстырғанда соңында 1,07 есеге жоғарылағаны анықталды.

Сондай-ақ, өндіруші-бұқалардың ұрығының сапалық көрсеткіштері зерттелінген болатын. Нәтижесі 3 кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Өндіруші-бұқаларда гормоналды және «Е-Селен» препаратын қолданғанға дейін және кейінгі ұрық сапасы

Тобы	Эякулят көлемі, мл		Спермийлер қозғалғыштығы, балл		Спермийлер концентрациясы, млрд/мл	
	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін

Бірінші	3,1±0,4	4,3±0,3	7,4±1,1	8,8±0,2	0,8±0,5	0,9±0,07
Екінші	4,2±0,2	2,9±0,8	4,8±0,8	8	0,8	0,8±0,01

Зерттеу нәтижесінде, Хорулон+Е-Селен препараттары тағайындалған топтағы жануарлар ұрығының эякулят көлемі 1,3 есе артса, Фертагон+Е-Селен қабылдаған топ бұқаларында – керісінше 0,7 есеге азайған. Спермийлер қозғалғыштығы бірінші топта 1,9 есеге, екінші топта – 1,6 есеге артқан. Спермийлер концентрациясы аталған препараттарды қолданғаннан кейін 1-1,1 есеге жоғарылағандығы анықталды.

Қорытынды

Хорулон гормоналдық және Е-Селен препаратын, Фертагон гормоналдық және Е-Селен препаратын қолдану нәтижесінде өндіруші-бұқалар ұрығының эякулят көлемі 1,3 есеге, спермийлер қозғалғыштығы 1,9 есеге және спермийлер концентрациясы – 1,1 есеге артқан.

Әдебиеттер тізімі

1. Kumanov P., Nandipati K., Tomova A., Agarwal A. Inhibin B is a better marker of spermatogenesis than other hormones in the evaluation of male factor infertility. *Fertil. Steril.*, 2006, 2: 332-338.
2. Свездлофф Р., Бхасин Ш. Нарушения половой функции у мужчин. В сб.: Эндокринология/Под.ред. Н.Лавина. М., 1999. С.369-409.
3. Monaco, D., Fatnassi M. Effects of a GnRH administration on testosterone profile, libido and semen parameters of dromedary camel bulls // *Research in Veterinary Science* Volume 102, 1 October 2015, № 2940, Pages 212-216.
4. Кысса И.С., Казаровец Н.В., Голубец Л.В., Троцинский Ю. В., Пинчук И. А., Зуев В.Н. «Способ повышения воспроизводительной функции быка» / Патент (19) ВУ 11616 (13) С1 от (46) 2009.02.28.
5. Димов В.Т., Ефимова Л.В. Диагностика, терапия и групповая профилактика болезней органов размножения быков-производителей: метод. пособие / Россельхозакаде мя, ГНУ Красноярский НИИЖ. – Красноярск, 2014. – 46 с.